

## Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 2570 қаулысы. Қостанай облысы Қостанай қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 25 қаңтарда № 9-1-161 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 215 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 28.01.2015 № 215 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді).**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7, 20-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіпорындардың қажеттілігіне сәйкес қоса беріліп отырған 2011 жылы Жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және жағдайлары бекітілсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жібергенде осы қаулыны басшылыққа алсын.

3. "Қостанай қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Еңбекпен қамту бағдарламасы" бюджеттік бағдарламасы бойынша қаржыландыруды жүзеге асырсын.

4. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорына, әлеуметтік салық, қосылған құн салығына әлеуметтік аударылымдары және жыл сайынғы еңбек демалысының пайдаланбаған күндері үшін өтем төлемдері ескеріліп, орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісінің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ең төменгі айлық жалақының бір жарым көлемінде еңбекақыларына жұмыс берушілердің 2011 жылғы шығындарын өтесін.

5. "Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2461 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-1-139 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 9 ақпандағы "Қостанай" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп

т а н ы л с ы н .

6. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары М.Жұрқабаевқа жүктелсін.

Қостанай қаласының әкімі

Ж. Нұрғалиев

КЕЛІСІЛГЕН

"Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының "Қостанай қалалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері

\_\_\_\_\_ С. Шуменбаев

"Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының "Қостанай перзентханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері

\_\_\_\_\_ Т. Булгацевич

"ДК-Мақсат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры

\_\_\_\_\_ В. Чикунов

"Помощь" қоғамдық қорының атқарушы директоры

\_\_\_\_\_ Ю. Калюжный

Қостанай қаласы әкімдігінің  
2010 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 2570 қаулысымен бекітілген

**2011 жылы Жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және жағдайлары**

№	Ұйымның атауы	Жұмыс түрлері	Жұмыс көлемі, сағат	Жұмыс жағдайлары

1	"Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай қаласы әкімдігінің "Тазалық-2000" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Қала аумағын абаттандыруға, алдын ала кәсіптік даярлауды талап етпейтін көмек.	99650	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.
2	Қостанай қаласы әкімдігінің "Қостанай-Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Учаскелер алаңын өлшеу, хабарламаларды, шақыру қағаздарды және ескерту қағаздарды беру, актілерді жасау жұмыстарды жүргізуге алдын ала кәсіптік даярлауды талап етпейтін көмек.	23254	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.
3	"Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай	"Текстильный", "Южный", "Западный", "Элеваторный" шағын аудандарының аумағын абаттандыруға алдын ала кәсіптік	49825	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір

	қ а л а с ы әкімдігінің "Теркомодақ" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	даярлауды талап етпейтін көмек.		қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.
4	"Қостанай қ а л а с ы әкімдігінің тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай қ а л а с ы әкімдігінің "Мәдениет демалыс және паркі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Орталық сквер және қалалық жағажай аумағын абаттандыруға алдын ала кәсіптік даярлауды талап етпейтін көмек.	36541	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.
5	"Қостанай қ а л а с ы әкімдігінің тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай қ а л а с ы әкімдігінің "Тұрғын эксплуатациялық қызмет" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	"Наурыз" шағын ауданының аумағын, "Қостанай-2" шағын ауданының тұрғын секторының жер төле жайларын абаттандыруға алдын ала кәсіптік даярлауды талап етпейтін көмек.	49825	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.
				Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында

6	"Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің Қостанай қаласы әкімдігінің Спорт сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Аумақты абаттандыруға және жасыл екпелер мен гүлзарларды күтіп ұстауға алдын ала кәсіптік даярлауды талап етпейтін көмек.	2658	көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.
7	"Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының Қостанай қалалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Іргелес аумақты абаттандыруға және нақты тұрғылықты жері жоқ ауру азаматтарға қызмет етуге алдын ала кәсіптік даярлауды талап етпейтін көмек.	5980	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.
8	"Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының Қостанай перзентханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Бас корпустың жайларын, шаруашылық ғимаратын және оның іргелес аумағын абаттандыруға алдын ала кәсіптік даярлауды талап етпейтін көмек.	1993	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40

				сағаттан аспайды.
9	"ДК-Мақсат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	"Қостанай-2", "Узкая колея", "Киевский" шағын аудандарындағы көшелерді және жалпы пайдалану жерлерін абаттандыруға алдын ала кәсіптік даярлауды талап етпейтін көмек.	49825	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.
10	"Помощь" қоғамдық қоры	Жүре біткен иммундық тапшылық синдромының алдын алу бойынша алдын ала кәсіптік даярлауды талап етпейтін әлеуметтік жұмыс.	23916	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, екі демалыс күні, бір сағаттан кем емес түскі ас үзілісі бар қоғамдық жұмыстардың бір қатысушысының жұмыс аптасының ұзақтығы - аптасына 40 сағаттан аспайды.